



ТУРАН-ҚАЗАЛЫ

№44
(2319)
Сенбі
21 маусым
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МЕЙРАМБЕК ШЕРМАҒАНБЕТ: АУДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ – АЙМАҚТЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте есепті кезеңдегі ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, барлық салалар бойынша белгіленген межелердің толық орындалуы және ауданымызға қаралған қаржыны заңдылықтарға сәйкес мақсатты игеру мен салық базасын ұлғайту жұмыстары, сондай-ақ күн тәртібінен түспейтін

тазалық мәселелері қаралып, тиісті сала басшыларына қатаң тапсырмалар жүктелді.

Мәжілісте аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Бахытжан Жарылқап 5 айдың қортындысымен көрсеткіштердің орындалуы мен қаржыны игерудегі жұмыстарды баяндаса, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Абай Қайырбаев салық

базасын ұлғайту, жергілікті бюджет түсімдерінің резервтерін анықтауда атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Баяндамашылардан кейін аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы өңіріміздің негізгі көрсеткіші екенін айтып, қазынадан бөлінген әр теңгені тиімді пайдалану мен бюджеттен бөлінген қаржыны заңдылықтарға сәйкес дер кезінде және тиісті мақсатта игеру басты міндет екенін айтты. Осыған сәйкес, аудандық статистика басқармасымен, жауапты орындаушылармен бірлесіп, әрбір көрсеткіш бойынша оң нәтижелерге жету үшін уақытылы талдау жасау жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Сонымен қатар, басқа да басшыларға жауапкершілік танытып, өздеріне тиесілі жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуді ескертті.

Сондай-ақ, аудан басшысы

«Туған жерге тағзым» акциясы аясында сыртта жүрген кәсіпкер жерлестерді жергілікті жерге тіркету бойынша жұмыстарды әлде де жандандыру қажеттігін және қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен аудандық полиция бөлімі, мемлекеттік кірістер басқармасы бірлесе отырып көлік салығы бойынша берешектерді өндіру жұмыстарын жеделдету керектігі жөнінде тапсырма берді.

Жиын соңында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы күн тәртібінен түспейтін мәселе екенін жеткізді. Осыған орай, аудан орталығы мен ауылдық округтерде тазалық жұмыстарына байланысты анықталған кемшіліктерді қатаң сынға алып, шұғыл қалпына келтіріп, әрбір аймақ бойынша тазалық жұмыстарын ұдайы жүргізіп отыруды тапсырды.

●Баспасөз - 2025

ОРАЗКҮЛ АСАНҒАЗЫҚЫЗЫМЕН ӨТКЕН ТӘЛІМДІ КЕЗДЕСУ



Қазалы ауданында облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссияның жоспарына сәйкес, қоғам қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Оразкүл Асанғазықызымен «Берекелі отбасы» тақырыбында тағылымы мол, рухани кездесу өтті.

Кездесу отбасы институтын нығайту, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрімізді дәріптеуге бағытталған.

Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алиев, аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшелері, мекемелерде қызмет атқаратын қыз,

келіншектер, аудандық әйелдер және аналар кеңесінің мүшелері, зиялы қауым өкілдері, батыр аналар, аудан жастары қатысты.

Ұрпақ тәрбиесімен отбасы құндылықтары жайлы өмірлік тәжірибесімен бөліскен Оразкүл Асанғазықызы тыңдаушыларды терең ойға жетелеп, ұлттық тәрбиенің, қазақы салт-дәстүр мен отбасындағы ұл, қыз тәрбиесі, ата-ананың отбасындағы рөлі мен орнын, қадір-қасиеті және берекелі шаңырақтың маңызын әсерлі жеткізді.

Жиында аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алмасұлы қоғамдағы маңызды мәселелерді қолға алып, еліміздің дамуына аянбай еңбек етіп жүрген Оразкүл Асанғазықызына алғыс айта отырып, иығына қазақы камзол жауып, сый-сияпат көрсетті.

Осындай тағылымды кездесулер ұлттың ұйытқысы — отбасының рухани негізін нығайтуға сеп болары сөзсіз.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

2025 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары! Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

**Аймақтық
«Тұран-Қазалы»
газетінің редакциясы**

ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасында 2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізіледі.

Ауыл шаруашылығы санағы – бұл еліміздің аграрлық секторының құрылымы, ресурстары мен жай-күйі туралы өзекті әрі сенімді деректерді алуға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық байқау. Санақ деректері тиімді мемлекеттік саясат құру, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет.

Санақ жүргізу және оның мерзімдері туралы шешімді Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылдады. Оны өткізу мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және ауыл шаруашылығы жылының қорытындылары бойынша өзекті деректерді алу қажеттілігін ескере отырып таңдалған.

Санаққа дайындық жұмыстары 1,5 жыл бұрын басталған. Үкімет деңгейінде арнайы комиссия құрылды. Осы уақыт ішінде қажетті нормативтік-құқықтық актілер бекітілді. Жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдар жұмылдырылды. Өткен жылы пилоттық ауыл шаруашылығы санағы Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылында 21 тамыз бен 9 қыркүйек аралығында өткізілді. Онда ақпараттық жүйелерімізді, әдіснамамызды және дала жұмыстарын жүргізудің ұйымдастырушылық ерекшеліктері сыналды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының (БҰҰ ФАО) халықаралық ұсыныстарына сәйкес, ауыл шаруашылығы санағы әр бес-он жыл сайын жүргізілуі керек. Бірақ Қазақстанда санақтың бұл түрі 2006-2007 жылдары ғана жүргізілді. Содан бері үлкен үзіліс болды. Ол кезде ауыл шаруашылық санағы екі кезеңде жүргізілді – өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы. 2025 жылы барлығы бір мезетте өтеді.

Ауыл шаруашылығы санағына кімдер қатысады, біріншіден, бұл – мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығы салаларында ауыл шаруашылығы мен айналысатын шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғандағы, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер.

Екіншіден, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және/немесе мал ұстайтын үй шаруашылықтары. Ашып айтқанда, бұл бақшасы бар, өздері үшін төрт түлік ұстайтын, құс өсіретіндер және тағы басқалар.

Негізгі санақ кезеңдері басталғанға дейін 2025 жылғы

1-30 маусым аралығында Қазалы қаласында жеке қосалқы шаруашылықтарын алдын ала аралау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Листинг деп аталатын бұл кезеңде санақ қызметкерлері сауалнамадан өтетін үй шаруашылықтарының тізімдерін нақтылауда. Бұл жұмыс таңдалған мекенжай бойынша тұрғындардың шынымен тұратынын және жеке қосалқы шаруашылық жүргізетінін растау үшін жүргізілуде.

Санақтың негізгі кезеңі 1 тамыз бен 20 қазан аралығын қамтиды. Ол онлайн және офлайн кезеңдерге бөлінеді.

Алдымен 1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz сайтында онлайн-сауалнама жүргізіледі. Бүгінде сайт санақ жұмысымен танысу үшін жұмыс істеп тұр. Заңды тұлғалар, фермерлер, үй шаруашылықтары – барлығы порталдағы санақ парақтарын қашықтан өзбетінше толтыра алады. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сайтқа кірген сәтте респонденттер жүйеге тіркеліп, электрондық цифрлық қолтаңба, QR-код немесе СМС хабарлама арқылы авторизациядан өтуі қажет. Сауалнама парағына кірген кезде кейбір жолдарда мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіштер көрсетіледі. Респондент көрсетілген көрсеткіштерді сол күйі қалдыра алады немесе оларды өзектендіре алады. Респондент толтырылған деректерін сақтап қойып, үзілістен кейін сол сауалнаманы толтыруын жалғастыра алатынын ескертеміз. Сауалнамадан өтіп біткеннен кейін респондент электрондық поштаға санақтан өткені туралы хабарлама алады.

Санақтан онлайн түрде өтуді ыңғайлы қылу үшін жергілікті әкім аппараттары мен аудандық статистика бөлімшелерінің ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылады.

Заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен шаруа-фермер қожалықтары сияқты шаруашылықтың барлық ұйымдастырылған нысандары сауалнамадан сайтта өз бетінше өтуі тиіс. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ОКЭД) бойынша қызметі мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы немесе балық шаруашылығы мен байланысы барлар санаққа қатысуға міндетті.

Егер респонденттің сауалнама парағын толтыру кезінде қандай да сұрақтары туындаса, арнайы дайындалған жасанды интеллект арқылы жауап беретін sanaq-murza виртуалды көмекшісіне жүгіне алады.

Сондай-ақ, 1446 нөмірі бой-

ынша бюроның байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңыраулар сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін, ал онлайн-сауалнама басталған кезеңде – тәулік бойы, аптасына жеті күн қабылданады.

Екінші кезең – интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке-жеке аралауы, ол 2025 жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазаны аралығында өтеді. Неліктен араға 20 күн қалдырып отырмыз, себебі бізге сауалнаманы өзбетінше аяқтағандарды ескере отырып, үй шаруашылықтарының тізімдерін қалыптастыру үшін қосымша уақыт қажет.

Осылайша, санақ респонденттердің барлық санаттарын қамтиды және ақпарат жинаудың барынша толықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Санақ барысында Қазалы ауданы бойынша барлығы 14 мыңнан астам үй шаруашылығын және 1 мыңға жуық ауыл шаруашылығы өндірушілерін қамту жоспарланған.

Санақ қызметкерлері барлық респондентті қамтуға міндетті. Қатысудан бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген - "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексі 497-бап "Бастапқы статистикалық деректерді беру тәртібін бұзу" (жеке тұлғаларға - 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш), заңды тұлғаларға айыппұл-кәсіпкерлік субъектісінің мөлшеріне байланысты 14-тен 120 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) дейін), Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 21-бабына сәйкес, Ұлттық санақтар барысында алынған мәліметтер бастапқы статистикалық деректерге жатады және міндетті түрде өтеусіз негізде ұсынылады.

Біздің интервьюерлердің атрибуттары - бейсболка, жамылғы, ауыл шаруашылық санағының символикасы бар портфель, планшет және QR коды бар куәлік.

Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз, өйткені бұл жай статистикалық шара емес, барлық азаматтарды қамтитын мемлекеттік маңызы бар іс.

Сауалнамаларда қандай сұрақтар болады. Заңды тұлғалар үшін сұрақтар жер және егіс алқаптары, мал басы, ауыл шаруашылығы техникасы және инфрақұрылымға байланысты болады (жалпы 28 сұрақ). Сондай-ақ респонденттерден олардың қызметінің сипаттамалары, еңбек ресурстары және ауыл шаруашылығы қызметінің басқа да аспектілері туралы сұралады. Үй шаруашылықтарында біз жер аумағы туралы сұраймыз, олар маусымдық немесе көпжылдық дақылдар еге ма,

мал немесе құс ұстай ма, оларды жайылымға шығара ма деген сияқты анағұрлым қысқартылған нұсқадағы сауалнама болады (жалпы 20 сұрақ).

Ұлттық статистика бюросы алынған деректердің құпиялығына және оларды қатаң статистикалық мақсаттарда пайдалануға кепілдік беретінін атап өткім келеді. Сандар респонденттің бастапқы деректерін көрсетпей-ақ, жиынтық түрде өңделеді және жарияланады. Деректер салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді.

Сауалнама парағын толтыру кезінде респондент (ұйымдасқан шаруашылық) мемлекеттік деректер базасында деректерді жаңарту үшін алынған деректерді ұсынуға келісім бере алады, мысалы, малдың, техниканың, жер учаскесінің болуы және тағы басқа туралы.

Санақ жүргізу үшін біз жұмыссыз азаматтар мен студенттер қатарынан, сондай-ақ барлық ниет білдірген азамат санатынан 29 адамды интервьюер ретінде жұмысқа тартуды жоспарлап отырмыз.

Оларды оқыту Бюроның дата Литраси хаб (data Literacy Hub) платформасында ұйымдастырылған, онда қатысушыларға әртүрлі оқу материалдары: мәтіндік құжаттар, бейнероликтер және бейне слайдтар қолжетімді. Оқу аяқталғаннан кейін барлық қатысушы білімдері мен жұмысқа дайындығын растау үшін міндетті тестілеуден өтуі керек. Бұл тәсіл санақ жүргізудің жоғары сапасын және жиналған деректердің дәлдігін қамтамасыз етеді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, бізде қызметкерлерді қабылдау науқаны жүріп жатқанын жеткізгіміз келеді. Интервьюер ретінде санаққа қатысқысы келетіндердің барлығы біздің 1446 байланыс орталығына өтініш қалдыра алады.

Барлық кезең аяқталғаннан кейін біз 2025 жылғы желтоқсанда санақтың алдын-ала нәтижелерін жариялаймыз. Соңғы жиынтық деректер мен аналитикалық есептер Ұлттық статистика бюросының сайтында көпшілікке 2026 жылы ұсынылады.

2025 жылғы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы – Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар іс-шара. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Барлық қатысушы тарапты өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

Бақытжан ӘЛІМБАЙ,
Қазалы ауданының
статистика бөлімі

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қызылорда облысы бойынша өкілі Байхожаев Берікбол Ұзақұлы Қазалы ауданына жұмыс сапарымен келді. Сапардың негізгі мақсаты – өңірдегі адам құқықтарының сақталу деңгейін зерделеу, тұрғындармен кері байланыс орнату және құқықтық мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Адам құқықтары жөніндегі өкіл алдымен Әйтеке би кентіндегі «Руханият орталығы» ғимаратында аудан тұрғындарымен кездесу өткізді. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алиев төрағалық етіп, арнайы жұмыс сапарымен келген өкілді көпшілікке таныстырды. Мұнан соң Берікбол Ұзақұлы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз қозғап, кездесуден кейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Тұрғындармен кездесу-

де азаматтық құқықтардың бұзылуы, әлеуметтік қолдау, еңбек қатынастары, тұрғын үймен қамту, сондай-ақ әкімшілік-құқықтық сипаттағы басқа да мәселелер туралы сөз қозғалды. Бұдан бөлек тұрғындар жеке қабылдауда көтерген мәселелерге байланысты да тиісті құқықтық кеңестер беріліп, кейбірі бойынша нақты шаралар қабылданатыны айтылды.

Сапар аясында Берікбол Байхожаев аудан ардагерлерімен, құқық қорғау органдарының өкілдерімен, отбасын қолдау орталығы және әлеуметтік сала қызметкерлерімен, үкіметтік емес ұйым өкілдерімен кездесіп, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында да жиын өткізді.

Жиында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, әйелдер мен балалардың



қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты талқыланып, ұсыныс-пікірлер айтылды.

Адам құқықтары жөніндегі өкілдің ауданға жұмыс сапары азаматтардың құқықтарын қорғау мен олардың мәселелеріне на-

зар аудару бағытындағы маңызды қадамдардың бірі болды. Мұндай кездесулер өңір тұрғындарына құқықтық қолжетімділікті арттырып, ашық әрі тиімді кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫС

Сыбайлас жемқорлық-кез келген мемлекеттің дамуына, экономикасына және қоғамдағы әділеттілік қағидаларына кері әсер ететін қауіпті құбылыс.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында бірқатар заңнамалық және институционалдық шаралар қабылданып жұмыс атқарылуда. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданып, оған сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі арттырылды.

«Ашық бюджет», «Адалдық алаңы» жобалары арқылы мемлекеттік мекемелердің ашықтығы қамтамасыз етілуде.

Цифрландыру және электрондық үкімет қызметтері арқылы бюрократиялық кедергілер жойылып, адами фактор азайтылып келеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті болуы тиіс. Азаматтар жемқорлық фактілерін жасырмай хабарлауы керек.

Әрбір азамат өз еліне деген жауапкершілігін сезініп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруда белсенділік танытуы қажет.

Әділхан ӘБИЛОВ,
«Құмжиек» ауылдық округінің әкімі

ТҰРҒЫН ҮЙДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ

Тұрғын үй қорларында өрттің негізгі шығу себептері мынадай: -отпен байқамай әрекет қылу (темекі шегу, от жағу және тағы басқа); -электр жүйесін, электр құралдарын, электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электр жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау аппараттарының жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс істеуі, тұрғын үйлерге электр жүйелерін енгізу); - пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы және пештер мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы; -балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған және тағы басқа. Сіріңкемен

және күн түсетін заттармен ойнауы); -өртеу, өрт жіберу.

Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет:- шұғыл «101» телефонына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз; -өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз; - өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр токтарын ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

-тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды үнемі қарау. 3

айда 1 рет мұржаларды тазарту керек;

-тек зауыттан жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану;

-үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазартылуы тиіс;

-жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек;

-әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см кем емес металдық жайма қағуыңыз қажет.

Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа абайлықпен қарап, сақ болыңыздар!

Қазалы ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қазалы ауданының Төтенше

жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (724 38) 22-1-51 сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар жоғарғы тұрған орган – Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 8 (7242) 24-40-76 сенім телефонын назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың II – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі		
Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні сағат: 10.00-12.00 15.00-18.00	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

МЕШІТТІҢ ИМАМ, МОЛДАЛАРЫНА РИЗАМЫН



Қазір жастар мешіттерге барып, діни білім алуға құштарлық танытуда. Оған ата-аналары тікелей ықпал етіп отырғанын баса айтқым келеді. Мен өзім осындай имандылық істің куәсі болдым. 13 және 15 жасар немерелерімді каникул күндері болғандықтан Жанқожа батыр атындағы орталық мешітке оқуға апардым. Бас имам Нұрдәулет Нәби немерелерімді оқуға қабылдады. Қазір Найб имам Марғұлан Нұрланұлы, ұстаз Ідірісов Алмат, Зәуре Өтегенқызы менің немерем мен шәкірттерді, 30 ер бала, 30 қыз бала оқытып жатыр.

Мешіттен діни дәріс алып жатқан шәкірттердің ата-аналары мешіт имамы мен молдаларына, ұстаздарына ризашылықтарын білдіруде.

Мен ата-аналардың атынан аға буын ретінде мешіттің қызметкерлеріне ризашылығымды білдіремін.

Құрметті ата-аналар! Егер балаларыңызды жастайынан мешітте дәріс алуға берсеңіздер, олардың келешекте иманды болып, ұлағатты ұрпақ болып өсеріне кәміл сенемін.

**Жақсылық Мінәтұлы
КӨРПЕБАЕВ,
КСРО теміржолының
үздігі,
екі мәрте озаты,
Құрметті теміржолшы,
ҚР ҚТЖ-ның,
Қызылорда облысының
құрметті ардагері,
Қазалы ауданының
құрметті азаматы**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ ӘДІЛЕТТІ ЕЛДІҢ КЕПІЛІ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа

қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Жемқорлық Конституция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыста-

ры мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

**Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау
подполковнигі**

● Маманның кеңесі

АСКАРИДОЗ

Аскаридоз дегеніміз - адам мен жануарлар денесінде тіршілік ететін жұмыр құрттардан пайда болатын ауру. Ол адам денесінде жұптасып өмір сүреді. Жұмыртқасы нәжіспен сыртқа шығады, бірақ 14 күнге дейін топырақта тіршілігін сақтайды. Аскарида 40 см дейін ұзындыққа және 6 мм дейін ендікке жетуі мүмкін. Осы кезде аналығы тәулігіне 200 мың жұмыртқа сала алады. Ересек гельминттер 1-2 жыл өмір сүреді.

Аскаридоз жеке гигиена ережелерінің бұзылуынан пайда бо-

лады. Гельминттердің жұмыртқалары адам ағзасына жуылмаған қолдар, жуылмаған жемістер мен көкөністер арқылы түседі. Жұмыртқалардан жетілген дернәсілдер пайда болып, ағза бойынша таралады. Жұқтырған кезден бастап бірінші жұмыртқалау 2-3 айды құрайды, жалпы ауру бір жылға созылады. Ересек аскаридалар механикалық зақым келтіре алады, өйткені олардың дене күші қатты және өте жылжымалы.

Аскаридозға ең жиі

топырақпен байланыста жұмыс атқаратын адамдар ұшырайды, әсіресе балалар мен фермерлер.

Аурудың даму кезеңіне және аскарида орналасуына байланысты белгілер өзгеруі мүмкін. Негізгі белгілерге мыналар жатады: тұрақты шаршау, әлсіздік, жөтел, бөртпелері, қышу, дене температурасының көтерілуі.

Аскаридоз ауруының алдын алу шаралары:

Негізгі профилактикалық шара жеке гигиена ережелерін сақтау болып табылады. Тамақ

ішер алдында қолды жақсылап жуу;

Жемістер мен көкөністерді жуу;

Азық-түліктерді жәндіктерден қорғау қажет;

Балаларға лас заттарды ауызға салуға мүмкіндік бермеу керек.

Жалпы тері ауруларына сәл күдіктенген жағдайда дәрігерге қаралу қажет! Дұрыс емді тек қана дәрігер таңдай алады!

**Мархаба ЖАҚЫП,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау
басқармасының бас
маманы**

ЭЛЕКТР САМОКАТТАРДЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!

Назар аударыңыз!

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті электро-самокаттарды зарядтау кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырады!

Соңғы уақытта самокаттан шыққан өрт оқиғалары артты. Үй ішінің қауіпсіздігі үшін келесі ережелерді еске саламыз:

Зарядтағыш – тек түпнұсқа болу керек!

Жалған құрылғы – батареяның қызып, жарылуына себеп болады.

Самокатты қараусыз қалдырмаңыз;

Түнде немесе үйде ешкім жоқ кезде

зарядтауға болмайды!

Жанғыш заттардың жанында зарядтамаңыз; (төсек, перде, жиһаз қасында қауіпті)

Толық қуатқа жеткізбей тоқтатыңыз;

100%-ға жеткізбей, қуаттауды өшіріңіз

Ісінген не иісі шыққан батарея – қауіп көзі болып табылатындығын естен шығармайық!

Өз үйіңіз бен жақын да рыңыздың аمانдығы өз қолыңызда!

Қарапайым ережелерді сақтау – үлкен қауіптің алдын алады!

**Қазалы ауданы
Төтенше
жағдайлар бөлімі**



Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.